

«Дос іздеген бота» ертегісі



Тәрбиеші: Ермедетова А

Шымкент 2022

Тақырыбы: «Дос іздеген бота» ертегісі

Білім беру саласы: «Қатынас»

Бөлімі: Көркем әдебиет

Мақсаты:

Балаларға «Дос», «Достық» құндылығы туралы түсінік беру. Баланың айналаны өзі танып-білуіне жағдай жасау. Достар арасындағы сыйластық, достық, сүйіспеншілік туралы түсініктерін кеңейту. Өзара сыйластық қарым-қатынастарын дамыту. Достаса білуге, татулыққа, мейірімділікке тәрбиелеу. Шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Әдіс-тәсілдер: Әңгімелеу, түсіндіру, сұрақтар – жауап, ойын, мақал-мәтелдер, тақпақтар айту.

Қажетті көрнекі-құралдар: Терек, жапырақтар, суреттер, слайд.

Қостілдік компонент: Дос-друг- френд, достар-friends (френдс)

Іс- әрекет кезеңдері	Тәрбиеші іс -әрекеті	Балалар іс- әрекеті
Себеп ті қызығушыл ығын ояту	Балалар, бүгін күн қандай керемет! Бәріміз шеңберге тұрып, бір-бірімізге жақсы тілектер айтайықшы.	Балалар шеңбер болып тұрып, бір-біріне жақсы тілектер айтады.
Ұйым дастырушы- лық ізденіс кезеңі	-Балалар, сендер дос, достық дегенді қалай түсінесіңдер? - Дос, достық дағеніміз-адамдар арасынағы жақсы қарым-қатынас. Достар бір- бірін алдамайды, ренжітпейді, бір-біріне көмектеседі, бірге ойнап, бірге күліп, бір нанды бөлісіп жеу керек. - Сендердің достарың бар ма? -Фатима айта қойшы сенің досың кім? -Ерқанат сенің досың кім? Қостілдік компонент: Дос-друг- friend, достар-друзья-friends (френдс) Балалардың көңілін аударып, видео көрсету.	Балалардың жауабы Дос-друг, достар-friends (френдс)-деп қайталап айтады.

	- Балалар сендерге ертегі ұнайма? - Ендеше сендерге «Дос іздеген Бота» деген ертегіні айтып берейін. «Ерте, ерте, ертеде боталы Түйе болыпты.» (ертегі айтылады) -Сендерге ертегі ұнады ма? - Не түсіндіңдер ертегіден? - Ертегіде қандай кейіпкерлер бар? -Сонда достық адамның кейіпінен емес, түсінен емес, ұлтынан емес,жүрек қалауымен болады екен. Сергіту сәті: <i>Ән салуға барамыз</i>(шеңбер бойымен жүреді) <i>Досымызды табамыз</i>(тоқтайды) <i>Сәлемет пе! Міне мен</i>(колдарын кеуделеріне қояды) <i>Досын енді сенімен</i>(бір-бірімен құшақтасады) -Жарайсындар балалар, енді кім «достық» туралы тақпақ біледі. Ойын: «Досыңды даусынан таны» Ойын шарты: Бір баланы ортаға шығарып,көзін байлау.Артынан бір бала келіп «Досым, мен кімін?»деп айтады.Оның кім екенін даусынан табуы керек. Шығармашылық: Ермексазбен жұмыс.	-ия,ұнайды. Ертегіні тыңдап отырады. -Ия,ұнады. -Бота, қозы, күшік, мысық, -Лак, бұзау. Мәтін мазмұнына сәйкес қимылдар жасайды. Достық туралы тақпақтарын айтады. Ойынды қызыға ойнайды. Қолдарын шапалақтап,қуанады.
Оқу қызметін бағалау	-Сонымен,бүгін біз дос,достық туралы әңгімеледік.	.

	-Қандай ертегі тыңдадық? -Ертегіде қандай кейіпкерлер бар? -Бота өзіне достар тапты ма? -Достар қандай болу керек?	-Дос іздеген бота. -Бота, құлыншақ, лақ т.б. -Ия, тапты. -адал, өтірік айтпайтын, бірі-бірін ренжітпейтін.
--	--	--

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: Дос бола білу, достық құндылықтарын білу керек.

Нені игерді : Достарына мейірімді бола білу, адал достық жайлы түсініктері қалыптасу керек.

Нені меңгерді: Қоршаған ортада, достарының арасында, өзін ұстай білу, достық туралы тақпақтар, арқылы бірлікте болуды.







